

МЕББМ Қазақстан-Ресей Медициналық Университеті

# СОӨЖ

Тақырыбы: Қарттар үйі

Орындаған: Қалышкен Д.Б

Тобы:204А

Факультеті: Жалпы медицина

Тексерген:eeeeeeeeee

Алматы 2016

# Қарттар үйі қазіргі кезде өзекті мәселеге айналып отыр.....

**Қарттар үйі-** жасы ұлғайып, қараусыз қалған қарттарды әлеуметтік қорғау нысандарының бірі болып табылатын мемлекеттік мекеме. Бұрынғы КСРО кезінде қарттар үйі 20ғ 50-60 жылдарында құрылып, ауқаты төмен, еңбекке жарамсыздықтарын тұрмыс деңгейін қолдау мақсатында жұмыс істей бастады. Қазіргі кезде қарттар үйі [мемлекеттік бюджет](#), мемлекеттік қамсыздандыруға алынған адамдардың [зейнетақысы](#), [занды](#) және жеке тұлғалардың [қайырымдылық](#) жарналары, [Қызыл Крест](#) пен [Жарты Ай желісі](#) бойынша көрсетілген [ізгілік көмек](#), [трансферт](#), жекеше құрылымдардың қаражаты есебінен қаржыландырылады. Қарттар үйінде тұратын бір адамның [айлық шығыны](#) орта есеппен 7500 теңгені құрайды, оның 2500 теңгесі қарияның [зейнетақысы](#) есебінен өтеледі. [Коммуналдық қызмет](#) көрсетуге, жөндеуге, тамаққа байланысты шығынның көп бөлігі мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен өтеледі. ҚР-нда 2002 ж. қарттар үйін ұстауға мемлекеттік бюджет есебінен 20 млрд. теңгедей [қаражат](#) жұмсалды

# Кім кінәлі???

Иә, қарттар десе, бәріміздің көз алдымызға әке-шешеміз, ата-әжеміз елестететініміз хақ. Сол сүйіспеншілік, махаббат ты сексеннің сенгірігінен асқан қарттарымыз сыйлайды ғой, әттең-ай қазіргі жастар кері ойлайды. Шыны керек, қазіргі қоғамды әділетсіздік, безбуйректік, санасыздық жаулап алған. Кішкентайынан мәпелеп қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай өсірген ұл-қыздарымыз ата-аналарын қарттар үйіне өткізуде.


**Бұл-бұрын соңды қазақ халқымызда болмаған қасіретті жағдай.**

Жақында елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев “ Мерейлі отбасы” ұлттық байқаудың жеңімпаздарын марапаттау рәсімінде сөзінде “ Егде жастағы 7 мың нан астам адам қарттар үйінде өмір сүруде, олардың көбісінің дені сау, табысты балалары бар. Қартайған ата-анасын тастап кету біздің дәстүрімізде жоқ, ата-салтымызда болмаған. Қоғам туған баласы мен ата-анасын тастап кету секілді әрекеттерді масқара құбылыс ретінде қабылдауы тиіс,”- деген еді ерекше қынжылыспен...



ӨЗЕНДЕГІ ӨЛШЕУЛІ ЖАЙ АҒЫСТАР,  
ҚАРИЯҒА ҚАРАСАҢ АЯНЫШ БАР,  
НАМЫСТАНБА ЖҮРЕ АЛМАЙ ҚАЛСА ОЛАР,  
КЕЗІҢ КЕЛЕР СЕНІҢ ДЕ ТАЯҚ ҰСТАР

**Z T B**  
THE KAZAKH DRAMA



THE KAZAKH DRAMA  
**Σ T B**

КЕЗІҢ КЕЛЕР СЕНІҢ ДЕ ТАЯҚ ҰСТАР  
НАМЫСТАНБА ЖҮРЕ АЛМАЙ ҚАЛСА ОЛАР,  
ҚАРИЯҒА ҚАРАСАҢ АЯНЫШ БАР,  
ӨЗЕНДЕГІ ӨЛШЕУЛІ ЖАЙ АҒЫСТАР

# Қасіретті статистика қарттар үйі

Елімізде қарттар үйі 67-ге жетіп отыр.

1) Көп бөлігі ШҚО-да 11 қарттар үйі, 2380 орын жұмыс істейді.


2) Ақмола облысы 10 қарттар үйі, 1103 орын.

3) Қостанай облысында 9 қарттар үйі, 1129 орын.

2012 жылы 87 үйге жетіп, 35 мыңға жуық адам орналасқан. 45,5 пайызын әйелдер құрап отыр. Бұл тек жалпылама көрсеткіш, нақты дерек айтпайды.

# Қарттар үйі, қатал тағдыр...





**2001 жылы құрылған, қалалық бюджеттен қаржыландырылатын 350 орындық үш қабатты ардагерлер интернат-үйі жақын туысы жоқ болғандықтан қараусыз қалған я кембағал күйге ұшыраған арнайы күтімге зәру жалғызбасты зейнеткерлер қабылданады. Өздерін бағуға тиісті кәмелетке толған және еңбекке қабілетті балалары бар зейнеткерлер ардагерлер үйінде ақысын төлеп тұра алады. Алматы қаласы әкімдігінің [дерегінше](#), бұл мекемеде әр тұрғынға тұрмыс жағдайы жасалған бір бөлме, ерлі-зайыптыларға екі бөлме беріледі. Ғимаратта асхана, жиын залы, медицина орталығы, кино залы, демалыс бөлмелері, шаштараз, кітапхана, мұсылмандар мен христиандарға арналған құлшылық ету бөлмелері бар.**

# Қарттар үйіндегі қарттардың ашық пікірі

- Көшербай ТӨРЕЖАНОВ, қарттар үйінің тұрғыны:
- – Барлық бәленің басында осы арақ тұрады. Күнде мас болып жүрген жанды қай келін сыйдырсын? Қарттар үйіне келіп жатқандардың көбі сол ішіп кеткендер. Екіншіден, әкем марқұм «ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» деп отырушы еді. Баланы дұрыс тәрбиелемеудің кесірі осындай болады. Менің жағдайым сәл басқаша, жалғыз ұлдан айырылған соң, туыстарға масыл болмайын деп осында өзім келдім. Бір байқағаным, бауырлардан гөрі қарын дастың жаны қатты ашиды екен. Алып кеткісі келеді, бірақ қолы қысқа.
- Қарттар үйінің көбеюі – қауіпті құбылыс. Бұлай жалғаса берсе әке-шешені қартайған соң интернатқа апарып өткізе салу жалпылама сипат алып кетуі де мүмкін. Ал жауып тастауға тағы болмайды. Себебі тағдыр тәлкегіне түскендер үшін бұл интернаттан басқа барар жер, басар тау жоқ. Көбі жалғыздықтың кесірінен далада көмусіз қалудан қорқады.



Қайыргелді СЫЗДЫҚОВ, қарттар үйінің тұрғыны:

– Жас кезімде талай қызмет істедім, совхозда қойма меңгерушісі де болдым. Кейін ауырып, 1979 жылдан бері екінші топтағы мүгедекпін. Әйелім тастап кетті, жалғыз қызым қайтыс болды. Осылай жүре берсем, бір жерде үсіп өліп қалуым да мүмкін еді. Сондықтан қарттар үйіне келдім. Екінші өмірім басталғандай. Мұнда барлық жағдайымызды жасап қойған.

Қарын тоқ, уайым жоқ.

Смирнов қарттар үйінің басшысы Еркін Айдарбекұлы «Қайыргелді ағай жақында үйленіп қалуы мүмкін» дейді қалжыңдап. Оның айтуынша, қарттар үйіне түскен соң көңіл қосып жататындар да көп екен. Оларға жеке бөлме де беріледі.

Интернатта керек-жарақтың бәрі бар, көңілдерін аулау үшін ара-тұра концерттер де қойылып тұрады екен. Бірақ өз үйіне қайдан жетсін. Көбінің арманы – немерелерінің маңдайынан иіскеу, қолдарына алып еркелету. Өкінішке қарай, бұл арманға жетіп жатқандар некен-саяқ. Тек бір жылдың ішінде Смирнов интернатының өзінде 60-70 адам о дүниеге аттанады екен.

# Анонимно жүргізген пікірлер:

1) Бұл дәстүр індетке айналып бара жатырған секілді. себебі ұлттық тәрбие де әлсіздеу ме қалай, бұрын намыс деген қазақтың қанын қыздырып, ата-анасына құрақ ұшып, қасы-қабағына қарап отыратын еді. Шынымен өркениет деп ұлттық болмысымыздан жұрдай болып тоналып қалдық па деп қорқамын. Бұрын баба өсиеті мен ана қасиетін піріндей ардақтайтын балаларымыздың санасы уланып, қазақи құндылықтарымыздың құнын бағаламайтын тәрізді. Рухы биік ұрпақ ата-анасын қарттар үйіне көзі тірісінде апарғаны қасірет қой. Ғасыр дерті бәлки осы болар?

2) Кімнен: **Батыс.** Қайдан: **Ел ертеңін ойлаған ел**  
**01.09.2015 19:52**

Өте аянышты жазылған мақала екен адам ,Әке тағдыры басынан өткен қиыншылықтары , ұлының қатыгездігі тіпті шектен шыққандық Ана қарғысы бoқ , Әке қарғысы оқ деген дегендей Әке наласы қатты болмақ , бұндай аянышты жағдайлар бізге тән қасиет , бұндай көрністерге қарап елімді сипаттап беруге болады ия жасыратыны жоқ бізде жағдай мәз емес , осындай Әкелерді силамайтындарды кері кеткен көштің адамдарын көптеп кездестіреміз , Қазақи керемет қасиеттерімізден жұрдай болдық, ұрпағың анау нұрға табынған , қыздарым мынау шетелдіктерге тұрмысқа шығуды модыға айналдырған , жатты төрге шығарып сол жатқа қыз беріп отырмыз , қанымызға сінген қасиеттерден айырылып бара жатырмыз , аттан сүрінсекте салттан сүрінбеген халық едік кәзіргі таңда аттанда , салттанда сүрінген жайымыз бар.

Қарттардың жылағаны жақсылықтың белгісі емес.

3) „Аке-шешен жынды болса, байлап бак." Тіпті, пайгамбарымыз Мухаммед (С.Г.С.) айтты деседі (создін отірік шынын білмеймін): „Егер, мысалы, біреудін анасы менін кабіріме жакын жерленетін болса, сол адам алдымен анасынын кабіріне барып, тағзым ету керек." Бул создін астарында - алдымен АЛЛАГа, содан сон анасына, содан кейін акесіне ризашылык білдіру керек! Аке-шешесіне „Сендер капірсіндер, сендердікі АЛЛАГа серік косу" деп, оларды тастап, айдаладагы Арабия жартыаралына согыска аттанғандар осы созді естісе гой!

4) Аллах сактасын! Калай адамдар булай жасайды! Ата деген кишкентай наресте сиякты гой! Ишим ортенип бара жатыр! Аллахтын алдында бул оте ауыр куна бауырлар!

5) Қазақта "Атаңа не қылсаң, алдыңа сол келер" деген аталы сөз бар емес пе ? ! Қазақбайшылык қой баяғы, "Құрысыншы, солар аман болса, өлмеспін" - деп жүре беретін. Болмаса, ол тасбауыр ұлдың жанын шығарып, ел алдында масқаралап, сот арқылы алимент өндіріп алуға болады. Көрейін сол кезде ол ұлсымақтың қалай сайрағанын.

6) Қарттар үйіне өткіген дұрыс деп ойлаймын, ия, әрине мені тас жүрек дерсіздер, бірақ, әр нәрседе жағдайға қарау керек, реті келмеуі мүмкін!

7) Қазіргі заман талас тартыс заманы, сондықтан ата-әжемізге қарауға уақыт жоқ! Күнделікті тіршілік үйде қараусыз қалғанша қарттар үйі дұрыс деп ойлаймын!

# Қарттар үйінің болуы дұрыс па?! Бұрыс па?!

Орта буынға жүргізген сауалнама:

1)Иә-5%

2)Жоқ-25%

3)Жауап беруге қиналамын-12%

Жас -өспірім балаларға жүргізген сауалнама:

1)Иә-15%

2)Жоқ-10%

3)Жауап беруге қиналамын-2%

Маман пікірі

Нұргүл РАХМЕТОВА, психолог:

– Ғалымдардың зерттеуінше, кішкентай нәресте ана жылуын сезінуі үшін күніне 75 рет сәбиді қолға алу керек екен. Сәл есейе келе бала ата-ананың өзіне деген ықыласын тіпті қажет етеді. Негізгі тәрбие ошағы – отбасы, ал балабақша мен мектеп қосымша тәрбие құралдары екенін ұмытпаған жөн. Өкінішке қарай, бүгінде отбасындағы тәрбие әлсіреп, бәрін балабақша мен мектепке артып қойдық. Бала көргенін істейді, ата-анасы қандай болса, ол да сондай. Демек, қарттар үйіне ата-аналарын апарып тастап жатқандар отбасында дұрыс тәрбие көрмегендер деп айтуға толық негіз бар.



# **Бүгінгі бала – келешек әке, бүгінгі әке – келешек ата.**

“ Әркімнің ата-анасы әулесі” деген аталы сөз бар. Әке деген қамқоршы, асыраушы, туған-туысқа көмектесу мақсат етеді.

Хақ дініміз ислам “Әкеге бағыну-Аллаға бағыну, оның алдында күнәхар болу”- деп, әкені құрметтеуді парыз санаған.

Ал, аналар шаңырақтың алтын босағасы, киелі тұтқасы.

Халқымыз аналарды құрмет тұтып қастерлеген. Ата- ана әр шаңырақтың шамшырағы. Өкінішке орай, “Өзіңнең туған ұд мен қыз сыйламаса сол қайғы”, -деп Төле би бабамыз айтқандай, бүгінгі тірлігіміз ауаны соған ойысып бара жатқандай. Олай демеске амал жоқ, ата –анамызды қарттар үйіне табыстау жылдан жылға азаймақ емес...

# Түйін

Жыл сайын елімізде ондаған-жүздеген балабақшалар салынып жатыр. Ата-ана жұмысбастылықтың кесірінен балаларын осы балабақшаларға тапсыруда. Ал әке-шешенің махаббатын сезінбей балабақшада өскен бала ертең туғандарын дәл солай қарттар үйіне өткізбесіне кім кепіл?